



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырамыз.

2019 жылғы 06-07 маусымда Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты Ақтөбе қаласының 150 жылдығына және Жастар жылына арналған **«Құқықтың өзекті мәселелері: жетістіктері мен келешегі»** тақырыбында жас ғалымдардың, мамандардың және оқытушылардың, сонымен қатар, адъюнкттердің, ізденушілердің, магистранттардың, докторанттардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізеді.

Конференция бағдарламасы:

2019 жылғы 06 маусымда — конференция қатысушылары арасында жағажай волейболынан және мини-футболдан халықаралық спартакиада (6 адамнан құралған команда, спорттық киімде).

2019 жылғы 07 маусымда — **«Құқықтың өзекті мәселелері: жетістіктері мен келешегі»** тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция.

Конференция жұмысы келесі секциялар бойынша жоспарлануда:

1. Әкімшілік құқықтың және әкімшілік қызметтің өзекті мәселелері.
2. Қылмыстық, қылмыстық–атқару заңнамаларын және криминологияны жетілдірудің болашағы.
3. Қылмыстық сот ісін жүргізуді жаңғырту және қылмыстарды ашу мен тергеудің тиімділігін арттыру жолдары.
4. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің психологиялық, арнайы және дене шынықтыру даярлығы және заңгердің тіл мәдениеті.
5. Мемлекеттік-құқықтық және азаматтық-құқықтық қызмет: жетістіктері мен келешегі.

Конференция жұмысы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Конференция жұмысы басталғанға дейін конференция материалдарының жинағын шығару жоспарланып отыр.

Қатысу шарты: конференция жұмысына қатысу үшін 2019 жылғы 01 мамырға дейін ұйымдастыру комитетіне өтінім (өтінім үлгісі ұсынылады)

мен мақала мәтінін қағазға басылған түрінде және электрондық тасымалдағыштарда жолдау қажет.

Конференция қатысушыларының жұмыстары тегін жарияланады.

Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

5-8 парақ көлеміндегі мақала Microsoft Word пішімінде; Times New Roman қарпінде; өлшемі – 14; жол аралығы -1,5; жиек сызықтары: сол жағы – 2 см., оң жағы – 2 см., жоғары және төменгі жақтары – 2 см.-ден.

Бірінші жолда автор(-лар)дың тегі, аты-жөні, (бір баяндамада немесе мәлімдемеде үш автордан артық көрсетілу құпталмайды), бір жолдан кейін ұйым, қала, автор(-лар)дың e-mail көрсетіледі.

Жоғарыда орта тұсында баяндаманың аты бас әріптермен тасымалданбай, жартылай майлы әріптермен жазылады.

Бір жолдан кейін — мақала мәтіні. Әдебиеттерге сілтемелер шаршы жақша ішінде беріледі. Қолданылған әдебиеттер тізімінің болуы міндетті. Тасымалданбайды.

Материалдар барлық талаптарға сай мұқият редакцияланған болуы тиіс. Көрсетілген конференция тақырыбына, рәсімдеу талабына сәйкес келмейтін және ұйымдастыру комитетіне белгіленген мерзімнен (**2019 жылғы 01 мамырдан**) кешіктіріліп жіберілген мақалалар конференция материалдарының жинағына қосылмайды және авторға қайтарылмайды. Материалдар авторлық редакцияда жарияланылады.

Қатысуға өтінім

Автордың тегі, аты, әкесінің аты _____

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы _____

Арнайы (әскери) атағы _____

Мекеменің атауы _____

Мекеменің мекенжайы және пошталық индексі _____

Мақала атауы _____

Секция атауы _____

Қатысу нысаны (келіп қатысу/сырттай) _____

Мультимедиялық сүйемелдеудің қажеттілігі (қажет болса, қандай) _____

Байланыс телефоны _____

«Өтінімде» ешқандай қысқартулар мен аббревиатураларға жол берілмейді.

Ұйымдастыру комитетіне көрсетілген мерзімнен кешіктіріліп жіберілген өтінімдер қаралмайды, баяндама материалдары жарияланбайды.

Жол жүрумен, жүріп-тұрумен, тамақтанумен байланысты шығыстар — конференция қатысушыларының есебінен.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ, 41-разъезд, Курсанттар тас жолы-1, Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты. Қосымша ақпараттар алу үшін +7 (7132) 97-29-18 телефонына және +7-702-322-77-36 ұялы телефонына (ватсап), ooniirir@yandex.ru.- электрондық поштасына хабарласа аласыздар.

Игі құрметпен,

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ КОМИТЕТ.